

Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын тіркелген тарифтер бойынша сатып алуының үлгі шарты

№ _____

Бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын, Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша тіркелген

(заңды мекенжайы көрсетілсін)

БСН: _____, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ атынан

(қаржы-есеп айырысу орталығының толық атауы көрсетілсін)

_____ негізінде әрекет ететін

(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)

_____ бір тараптан

(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

және Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша

(орналасқан жері көрсетілсін)

тіркелген, БСН: _____, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын _____ атынан

(толық атауы көрсетілсін)

_____ негізінде әрекет ететін

(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)

_____ екінші тараптан

(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

мыналарды:

1) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-VI Қазақстан Республикасының Заңын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы «__» _____ № __ қаулысымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысымен бекітілген Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларын (бұдан әрі – Тіркелген тарифтерді айқындау қағидалары);

4) Сатушының осы шартты жасасуға берілген өтінімін (20__ жылғы «__» _____ кіріс № __) (Қағидаларға 1-қосымша);

5) Сатушының Сатып алушыға тіркелген тариф бойынша жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сату ниетін назарға ала отырып;

төмендегілер туралы осы электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт – Сатушы мен Сатып алушының арасында жасалған осы электр энергиясын сатып алу-сату шарты;

2) ЖЭК электр станциясы – осы Шарттың 6-тарауында сипатталған, берілетін электр энергиясын өндіретін ЖЭК-ті пайдалану объектісі;

3) берілетін электр энергиясы – беру нүктесіне берілген, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен талаптарына сәйкес келетін, электр станциясы өндірген барлық электр энергиясы;

4) беру нүктесі – электр станциясын энергия беруші ұйымның электр желілеріне қосу нүктесі;

5) коммерциялық есепке алу аспабы – беру нүктесінде орнатылған, заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген, берілетін электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

6) берілетін ай – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-де басталатын және тиісті айдың соңғы күні сағат 00.00-де аяқталатын ЖЭК-ті пайдалану объектілерінен берілетін электр энергиясын іс жүзінде беретін күнтізбелік ай, оның нәтижелері бойынша берілетін электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің түпкілікті есебі жүргізіледі;

7) жұмыс күні – Сатып алушы үшін жұмыс күні болып табылатын күн;

8) Тіркелген тарифті айқындау қағидалары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысымен бекітілген Тіркелген тарифті айқындау қағидалары;

9) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн;

10) Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі – ЖО ҰДО) – электр энергиясын теңгерімдеу мен оның сапасын қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстанның БЭЖ жедел басқаруға және оның жұмысының сенімділігіне жауапты, Жүйелік оператордың құрылымына кіретін бөлімше.

2. Шарттың нысанасы

2. Шартқа сәйкес Сатушының электр станциясында өндірілген және беру нүктесіне берілген электр энергиясының барлық көлемін Сатушы сатады, ал Сатып алушы сатып алады.

3. Электр энергиясын есепке алу

3. Берілетін электр энергиясының көлемін есепке алу бірлігі киловатт-сағат болып табылады.

4. Берілетін электр энергиясының көлемін есепке алу беру нүктесінде орнатылған Сатушының коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жүргізіледі.

5. Коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған немесе беру нүктесінде орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптары ақаулы болған кезеңде электр станциясы өндірген және энергия беруші ұйымның желісіне берілген электр энергиясына Сатып алушы ақы төлемейді және Тараптардың өзара есеп айырысулары кезінде ескерілмейді. Бұл ретте Сатушының коммерциялық есепке алу аспаптарының болмауы немесе олардың ақаулы болуы фактілері мен кезеңі желілеріне электр станциясы қосылған энергия беруші ұйымның тиісті актісімен расталуы тиіс.

6. Сатушы ай сайын, беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде беру айында электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымның желісіне жіберудің іс жүзіндегі тәулік сайынғы сағатпен есептегендегі көлемі туралы ақпаратты Сатып алушыға беруге міндетті.

7. Сатушы ай сайын, беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей Сатып алушыға берілген электр энергиясының көлемін көрсете отырып, беру айында берілген электр энергиясына орындалған жұмыстар актісін ұсынуға міндетті.

8. Сатып алушы Сатушыдан орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оған қол қояды немесе егер ол Сатушының электр энергиясының берілген көлемі туралы деректерімен келіспесе, сол мерзімде Сатушыға бас тартудың негізділігін растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, өзінің жазбаша уәждеделген бас тартуын жібереді.

9. Тиісті жұмыскерлердің Сатушыда қолданылатын қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауы және электр станциясына баратын күн мен уақытты Сатушымен келісу шартымен, Сатушы жұмыс уақытында Сатып алушының уәкілетті жұмыскерлерінің коммерциялық есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алу мен олардың қосылу схемасын тексеру үшін электр станциясына кіруіне және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын қарауына кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

10. Даулы жағдайларда ЖОҰДО беретін, Қазақстан Республикасының көтерме электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансы Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

4. Электр энергиясының бағасы

11. Шарт бойынша электр энергиясының бағасы тіркелген тариф болып табылады, ол қосымша құн салығын есепке алмағанда, электр энергиясының 1 (бір) киловатт-сағаты үшін ___ теңге (*тіркелген тариф бекітілген күннен бастап шартқа қол қойылған күнге дейінгі кезеңде жинақталған, индекстеуді есепке алмағанда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тіркелген тарифті цифрлармен және жазбаша көрсету*).

12. Электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күннен кейін күнтізбелік бір жыл өткен соң шарттың 11-тармағында көзделген тіркелген тариф жыл сайын инфляция ескеріле отырып, 1 қазаннан бастап мына формула бойынша индекстеледі:

$$T_{t+1} = T_t * \text{ТБИ}, \text{ мұндағы}$$

T_{t+1} – жоғарыда көрсетілген формула бойынша есептелген, азайту жағына қарай бүтін тиынға дөңгелектелетін, индекстелген тіркелген тариф;

T_t – осы шарт бойынша жинақталған индекстеу есепке алына отырып, осы Шарттың 13-тармағында көзделген тіркелген тариф;

ТБИ – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның деректері бойынша айқындалатын, индекстеу жүргізілген жылдың 1 қазанының алдындағы он екі ай ішінде жинақталған тұтыну бағаларының индексі.

13. Индекстелген тіркелген тариф индекстеу жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолдануға жатады.

5. Ақы төлеу тәртібі

14. Сатушы ай сайын беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей Сатып алушыға орындалған жұмыстар актісі мен электр энергиясының электр желілеріне берілген іс жүзіндегі көлемі үшін шот-фактураны беруге міндетті.

15. Сатып алушы электр энергиясының беру айында берілген көлемі туралы Тараптар арасында келіспеушіліктердің бар-жоғына қарамастан, беру айы аяқталған кезден бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң он бес жұмыс күні ішінде тиісті орындалған жұмыстар актісінде көрсетілген электр энергиясының беру айында берілген барлық көлемі үшін Сатушыға ақы төлеуге міндетті.

16. Егер электр энергиясының беру айында берілген көлемі туралы Тараптар арасындағы келіспеушіліктерді реттеудің қорытындылары бойынша Сатып алушының Сатушыға артық сома төлеу фактісі анықталатын болса,

мұндай артық төленген сома болашақ төлемдерде Сатушыға тиесілі сомалардан Сатып алушының ұстап қалуына жатады.

17. Шарт бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшасыз төлемдермен, осы Шартта көрсетілген Сатушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

18. Тараптар банктік қызмет көрсету бойынша шығыстарды өз бетінше көтереді (өздерінің корреспондент-банктерін қоса алғанда).

19. Тараптар жыл сайын 1 – 31 қаңтар аралығындағы кезеңде өткен қаржы жылына өзара есеп айырысуларды салыстыруды жүргізуге міндетті.

6. ЖЭК электр станциясы

20. Сатушы берілетін электр энергиясын мынадай ЖЭК электр станциясында (бұдан әрі – электр станциясы) өндіретін болады:

1) электр станциясының типі (пайдаланылатын жаңартылатын энергия көзінің түріне байланысты) – *жел электр станциясы, күн электрстанциясы, гидроэлектрстанция және т.б.*;

2) электр станциясының орналасқан жері: *облыс, аудан, округ және бар болса, басқа да егжей-тегжейлі деректер көрсетілсін*;

3) электр станциясы орналасатын алаң – *әрбір алаңшаның кадастрлық нөмірі мен ауданы көрсетілсін*;

4) пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің түрлері бойынша бөлініп, электр станциясының генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты;

5) электр станциясының белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті.

21. Электр станциясының құрылысын аяқтауды жоспарлайтын сатушы Шарт жасасқаннан кейін Сатып алушыға мынадай құжаттарды:

1) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, электр станциясы құрылысының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесін;

2) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде, бірақ электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей – электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы акісінің көшірмесін;

3) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 42 (қырық екі) ай ішінде – электр станциясына техникалық паспорттың көшірмесін беруге міндетті.

22. Электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – егер кешенді сынау шарт жасалғанға дейін жүргізілмеген болса, электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн болып табылады.

Егер электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау шарт жасалғанға дейін жүргізілген болса, электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – шарт жасалған күн болып табылады.

23. Сатушы тиісті сынақ жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын электр станциясының электр қондырғыларына кешенді сынақ жүргізу басталған күн туралы Сатып алушыны хабардар етеді және мынадай құжаттарды:

1) энергия беруші ұйымның электр желісіне электр станциясын қосқан кезде Сатушы мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, теңгерімдік тиесілілігінің аражігін ажырату және тараптардың пайдалану жауаптылығы актісінің көшірмесін;

2) энергия беруші ұйымның электр желісіне электр станциясын қосқан кезде Сатушы мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін ұсынады.

24. Егер пайдалануға берілген электр станциясының іс жүзіндегі параметрлері осы Шарттың 20-тармағында көзделген жобалық параметрлерден өзгешеленетін болса, Сатушы бұл туралы Сатып алушыны хабардар етеді және Тараптар Сатушының өтініші бойынша, электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісін Сатып алушы Сатушыдан алған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде, осы Шарттың 20-тармағын электр станциясының іс жүзіндегі параметрлеріне сәйкес келтіру үшін Шартқа тиісті қосымша келісім жасайды.

25. Осы Шартта көрсетілген электр станциясының параметрлерін электр станциясын салу кезеңінде және оны пайдалануға бергеннен кейін Сатушымен біржақты тәртіппен генерациялайтын жабдықтың белгіленген жиынтық қуатын ұлғайта алмайды. Кез келген электр станциясының параметрлерін өзгерту Тараптармен келісілуі тиіс, бұл ретте Тараптар Сатушының өтініші бойынша Шартқа қосымша тиісті келісім жасайды.

Сатушы осы Шартта көрсетілген, электр станциясының генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуатын ұлғайтпау шартымен электр станциясына ағымдағы немесе күрделі жөндеуді, оның ішінде негізгі генерациялайтын жабдықты ауыстыра отырып жүзеге асыруға құқылы.

7. Электр энергиясының берілуін болжау

26. Сатушы электр станциясын коммерциялық пайдаланудың жоспарланған күні басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Сатып алушыға айларға бөлінген, ағымдағы күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі кезеңге электр энергиясын шығарудың, оны желіге жіберудің болжамды көлемі туралы ақпарат беруге міндетті.

27. Сатушы электр станциясын коммерциялық пайдалану басталғаннан кейін Сатып алушыға мынадай ақпаратты:

1) ай сайын, беру айы басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын алдағы беру айына арналған электр энергиясын шығарудың, оны желіге жіберудің болжамды көлемі туралы ақпаратты (электр энергиясын берудің бір айлық кестесі);

2) жыл сайын, жиырмамыншы желтоқсанға қарай айларға бөлінген, алдағы жылға арналған электр энергиясын шығарудың болжамды көлемі, оны желіге жіберу туралы ақпаратты;

3) беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей – электр энергиясын желіге жіберудің іс жүзіндегі айлық, тәуліктік, сағаттық көлемін ұсынады.

28. Сатушы ұсынатын, электр энергиясын берудің жылдық болжамдары мен айлық кестелері Сатушының қолында бар іс жүзіндегі және болжамды деректерге негізделуі тиіс.

29. Сатып алушы электр энергиясын шығару жөніндегі барлық болжамды деректер бағалаушы болып табылатынын таниды және бұл болжамдардың дәлдігі Сатушының жаңартылатын энергия көздерінің табиғатын болжаудағы объективті қабілетінің шегінде болады.

Сатушы электр энергиясын шығарудың, желіге жіберудің іс жүзіндегі және болжамды көлемі арасындағы ауытқушылықтар үшін жауапты болмайды.

Сатушы электр энергиясын берудің іс жүзіндегі және болжамды кестелері арасындағы ауытқушылықтар үшін жауапты болмайды.

30. Электр станциясын қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінен алынатын электр энергиясы теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді Сатып алушы дербес жүзеге асырады.

8. Тараптардың жауаптылығы

31. Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талап етуі бойынша оған мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімін өткізіп алған соманың 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ мерзімін өткізіп алған соманың 10 %-нан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

32. Осы Шарттың 21-тармағының 1) – 2) тармақшаларында көзделген қандай да бір мерзімдерді күнтізбелік 6 (алты) айдан астам бұзған жағдайда, осы Шарт өз қолданысын тоқтатады.

33. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

34. Сатушы шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Сатып алушының алдындағы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Сатып алушы мынадай іс-қимылдар тәртібін орындауға міндеттенеді:

1) Сатып алушы Сатушыға міндеттемелердің бұзылғаны туралы хабарлайды және жол берілген бұзушылықтарды жою қажеттігін ескертеді;

2) Егер Сатушы хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік үш айдан кешіктірмейтін мерзімде жол берілген бұзушылықтарды жоятын болса, онда Сатушы өз міндеттемелерін бұзбаған болып есептеледі;

3) Егер Сатушы Сатып алушыдан хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік үш ай ішінде жол берілген бұзушылықтарды жоймаса, онда Сатып алушы Сатушыға жол берілген бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы қайталап хабарлама жібереді;

4) Егер Сатушы Сатып алушыдан қайталап хабарлама алған кезден бастап күнтізбелік үш ай ішінде жол берілген бұзушылықтарды жоймаса, онда Сатып алушы өз міндеттемелерін орындауға Сатушыны мәжбүрлеу және Сатушы жол берілген бұзушылықтарды толық жойғанға дейін осы Шарттың қолданысын тоқтата тұру туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

9. Дауларды шешу

35. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

36. Тараптар осы Шарт бойынша дауларды тікелей келіссөздер арқылы шешуге тырысуы тиіс.

37. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

38. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ өзгеше жолмен осы Шартқа байланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына жатады.

10. Форс-мажорлық мән-жайлар

39. Егер Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажор мән-жайларының салдарынан болған болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

40. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздыққа байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

41. Қандай да бір себеппен Сатып алушыда жеткілікті ақшаның болмауы форс-мажорлық мән-жай болып табылмайды және Сатып алушыны төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауаптылықтан босатпайды.

42. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және

растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

11. Басқа да ережелер

43. Тараптар бір-бірінен осы Шарттың ережелерін орындауды талап етуге құқылы.

44. Осы Шарт бойынша Сатушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудан шығарылмаған электр энергиясын Сатып алушыға сатуға құқығы жоқ.

45. Осы Шарт бойынша Сатушының Сатып алушыға басқа шарт шеңберінде электр энергиясын сатуды қоспағанда, оған осы Шартта көрсетілген электр станциясында өндірілмеген электр энергиясын сатуға құқығы жоқ.

46. Осы Шарт бойынша барлық хабарламалар мен басқа да хабарлар жазбаша түрде ресімделуі тиіс және почтамен, курьермен, факспен немесе электрондық почтамен басқа Тарапқа мынадай мекенжай, факс нөмірі немесе электрондық мекенжай бойынша жөнелтілуі мүмкін:

1) Сатып алушы үшін:

сатып алушының мекенжайын, факс нөмірін және электрондық мекенжайын көрсету;

2) Сатушы үшін:

сатушының мекенжайын, факс нөмірін және электрондық мекенжайын көрсету.

47. Осы Шарт бойынша барлық хабарламалар мен басқа да хабарлар жөнелтуші Тарап екінші Тараптан осындай хабарды қабылдағаны туралы растаманы алған кезде тиісінше жөнелтілген болып есептеледі.

48. Есептердің нысандары мен Сатушы Сатып алушыға ұсынатын ақпаратқа қойылатын талаптарды Сатып алушы біржақты тәртіппен айқындайды және Сатып алушы осындай өзгерістер қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын Сатушыны жазбаша хабардар ету арқылы өзгерте алады. Бұл ретте Сатып алушы ұсынылуы Сатушы шығыстарының ұлғаюына әкеп соғатын ақпаратты Сатушыдан талап етуге құқылы емес.

49. Осы Шарт екі Тарап оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

50. Осы Шарт және онда көрсетілген тіркелген тариф шығарылған электр энергиясы энергия беруші ұйымның электр желісіне берілген электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап он бес жыл өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

51. Сатып алушының талап етуі бойынша осы Шарттың қолданысын тоқтата тұру, форс-мажорлық мән-жайларға байланысты қандай да бір Тараптың міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру және (немесе) басқа да

мән-жайлар шарттың және осы Шарттың алдыңғы тармағында көзделген тіркелген тарифтің қолданылу мерзімін ұзарту үшін негіз болып табылмайды.

52. Сатушының осы Шарттан туындайтын өзінің қолда бар және болашақтағы құқықтары мен талаптарын Сатып алушыға беруге құқығы бар, Сатып алушыны талаптарды басқаға беру туралы тиісті шарт жасасқанға дейін хабардар етеді.

53. Электр станциясы үшінші тұлғаға иеліктен шығарылған жағдайда, Сатушының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін нақ осы тұлғаға толықтай беруге құқығы бар. Мұндай жағдайда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер электр станциясына арналған құқықтармен бір мезгілде үшінші тұлғаға өтеді.

54. Егер Сатушы өз бастамасы бойынша осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы шешім қабылдаса, ол болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын Сатып алушыны жазбаша хабардар етуге тиіс. Мұндай жағдайда Шартты бұзу туралы қосымша келісім күшіне енген кезден бастап Шарт бұзылды деп саналады.

55. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

56. Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер Тараптардың екеуі де оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

57. Индекстеу нәтижесінде тіркелген тарифтің шамасын не Сатушымен келісілген тіркелген тарифті индекстеу тәртібін өзгерту – Тіркелген тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын, тиісті өзгерістерді қолдану басталған күн көрсетіле отырып, осы Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы ресімделеді.

58. Осы Шарттың барлық талаптары тұрақты болып табылады, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты емес және екі Тараптың келісуі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

59. Тараптар өздерінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы бірін-бірі дереу хабардар етуге міндеттенеді.

60. Осы Шарт заңды күші бірдей екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

61. Осы Шарт Астана қаласында жасалды, оған екі Тарап та қол қойды және Сатып алушы оны 20__ жылғы «__» _____ № _____ жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

12. Тараптардың деректемелері мен қолы

Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектіні салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтер бойынша сатып алуының үлгі шарты

№ _____

Бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын, Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша тіркелген

(заңды мекенжайы көрсетілсін)

БСН: _____, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ атынан

(қаржы-есеп айырысу орталығының толық атауы көрсетілсін)

_____ негізінде әрекет ететін

(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)

_____ бір тараптан

(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

және Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша

(орналасқан жері көрсетілсін)

тіркелген, БСН: _____, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын _____ атынан

(толық атауы көрсетілсін)

_____ негізінде әрекет ететін

(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)

_____ екінші тараптан

(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

мыналарды:

1) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-VI Қазақстан Республикасының Заңын;

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі № 128-V Қазақстан Республикасының Заңын;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы «__» _____ № ____ қаулысымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар);

4) Сатушының осы шартты жасасуға берілген өтінімін (20__ жылғы «__» _____ кіріс № __) (Қағидаларға 1-қосымша);

5) Сатушының Сатып алушыға жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдалану объектісі өндірген электр энергиясын сату ниетін назарға ала отырып;

төмендегілер туралы осы электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт – Сатушы мен Сатып алушының арасында жасалған осы электр энергиясын сатып алу-сату шарты;

2) ЖЭК электр станциясы – осы Шарттың 5-тарауында сипатталған, берілетін электр энергиясын өндіретін ЖЭК-ті пайдалану объектісі;

3) берілетін электр энергиясы – беру нүктесіне берілген, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен талаптарына сәйкес келетін, электр станциясы өндірген барлық электр энергиясы;

4) беру нүктесі – электр станциясын энергия беруші ұйымның электр желілеріне қосу нүктесі;

5) коммерциялық есепке алу аспабы – беру нүктесінде орнатылған, заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген, берілетін электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

6) берілетін ай – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-де басталатын және тиісті айдың соңғы күні сағат 00.00-де аяқталатын ЖЭК-ті пайдалану объектілерінен берілетін электр энергиясын іс жүзінде беретін күнтізбелік ай, оның нәтижелері бойынша берілетін электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің түпкілікті есебі жүргізіледі;

7) жұмыс күні – Сатып алушы үшін жұмыс күні болып табылатын күн;

8) ТЭН-дегі тариф – ЖЭК-ті пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген деңгейден аспайтын электр энергиясын босату бағасы;

9) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – осы Шартқа қол қойылғаннан кейін қолданысқа енгізілетін электр станциялары үшін электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн немесе осы Шартқа қол қойғанға дейін қолданысқа енгізілген электр станциялары үшін осы Шартқа қол қойған күн (жұмыс істеп тұрған және пайдалануға берілген ЖЭК-ті пайдалану объектілері үшін);

10) Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі – ЖО ҰДО) – электр энергиясын теңгерімдеу мен оның сапасын қамтамасыз етуді

қоса алғанда, Қазақстанның БЭЖ жедел басқаруға және оның жұмысының сенімділігіне жауапты, Жүйелік оператордың құрылымына кіретін бөлімше.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарт бойынша Сатушының электр станциясында өндірілген және беру нүктесіне берілген электр энергиясының көлемін Сатушы сатады, ал Сатып алушы сатып алады.

3. Электр энергиясын есепке алу

3. Берілетін электр энергиясының көлемін есепке алу бірлігі киловатт-сағат болып табылады.

4. Берілетін электр энергиясының көлемін есепке алу беру нүктесінде орнатылған Сатушының коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жүргізіледі.

5. Коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған немесе беру нүктесінде орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптары ақаулы болған кезеңде электр станциясы өндірген және энергия беруші ұйымның желісіне берілген электр энергиясына Сатып алушы ақы төлемейді және Тараптардың өзара есеп айырысулары кезінде ескерілмейді. Бұл ретте Сатушының коммерциялық есепке алу аспаптарының болмауы немесе олардың ақаулы болуы фактілері мен кезеңі желілеріне электр станциясы қосылған энергия беруші ұйымның тиісті актісімен расталуы тиіс.

6. Сатушы ай сайын, беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде беру айында электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымның желісіне жіберудің іс жүзіндегі тәулік сайынғы сағатпен есептегендегі көлемі туралы ақпаратты Сатып алушыға беруге міндетті.

7. Сатушы ай сайын, беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей Сатып алушыға берілген электр энергиясының көлемін көрсете отырып, беру айында берілген электр энергиясына орындалған жұмыстар актісін ұсынуға міндетті.

8. Сатып алушы Сатушыдан орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оған қол қояды немесе егер ол Сатушының электр энергиясының берілген көлемі туралы деректерімен келіспесе, сол мерзімде Сатушыға бас тартудың негізділігін растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, өзінің жазбаша уәждеделген бас тартуын жібереді.

9. Тиісті жұмыскерлердің Сатушыда қолданылатын қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауы және электр станциясына баратын күн мен уақытты Сатушымен келісу шартымен, Сатушы жұмыс уақытында Сатып алушының уәкілетті жұмыскерлерінің коммерциялық есепке алу аспаптарынан

көрсеткіштерді алу мен олардың қосылу схемасын тексеру үшін электр станциясына кіруіне және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын қарауына кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

10. Даулы жағдайларда ЖОҰДО беретін, Қазақстан Республикасының көтерме электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансы Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

4. Ақы төлеу тәртібі

11. Шарт бойынша электр энергиясының бағасы ТЭН-дегі тариф болып табылады, ол қосымша құн салығын есепке алмағанда, электр энергиясының 1 (бір) киловатт-сағаты үшін ___ теңге (*ЖЭК-ті пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген деңгейден аспайтын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген тариф цифрлармен және жазбаша көрсетілсін*).

12. Сатушы ай сайын, беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей Сатып алушыға орындалған жұмыстар актісі мен электр энергиясының электр желілеріне берілген іс жүзіндегі көлемі үшін шот-фактураны беруге міндетті.

13. Сатып алушы электр энергиясының беру айында берілген көлемі туралы Тараптар арасында келіспеушіліктердің бар-жоғына қарамастан, беру айы аяқталған кезден бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң он бес жұмыс күні ішінде тиісті орындалған жұмыстар актісінде көрсетілген электр энергиясының беру айында берілген барлық көлемі үшін Сатушыға ақы төлеуге міндетті.

14. Егер электр энергиясының беру айында берілген көлемі туралы Тараптар арасындағы келіспеушіліктерді реттеудің қорытындылары бойынша Сатып алушының Сатушыға артық сома төлеу фактісі анықталатын болса, мұндай артық төленген сома болашақ төлемдерде Сатушыға тиесілі сомалардан Сатып алушының ұстап қалуына жатады.

15. Шарт бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшасыз төлемдермен, осы Шартта көрсетілген Сатушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

16. Тараптар банктік қызмет көрсету бойынша шығыстарды өздері көтереді (өздерінің корреспондент-банктерін қоса алғанда). Тараптар жыл сайын 1 – 31 қаңтар аралығындағы кезеңде өткен қаржы жылына өзара есеп айырысуларды салыстыруды жүргізуге міндетті.

5. ЖЭК электр станциясы

17. Сатушы берілетін электр энергиясын мынадай ЖЭК электр станциясында (бұдан әрі – электр станциясы) өндіретін болады:

б) электр станциясының типі (пайдаланылатын жаңартылатын энергия көзінің түріне байланысты) – *жел электр станциясы, күн электрстанциясы, гидроэлектрстанциясы және т.б.*;

7) электр станциясының орналасқан жері: *облыс, аудан, округ және бар болса, басқа да егжей-тегжейлі деректер көрсетілсін;*

8) электр станциясы орналасатын алаң – *әрбір алаңшаның кадастрлық нөмірі мен ауданы көрсетілсін;*

9) пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің түрлері бойынша бөлініп, электр станциясының генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты;

10) электр станциясының белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті.

18. Электр станциясының құрылысын аяқтауды жоспарлайтын сатушы Шарт жасасқаннан кейін Сатып алушыға мынадай құжаттарды:

4) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде – мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, электр станциясы құрылысының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесін;

5) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде, бірақ электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей – электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы акісінің көшірмесін;

б) осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 42 (қырық екі) ай ішінде – электр станциясына техникалық паспорттың көшірмесін беруге міндетті.

19. Шарт жасасқаннан кейін электр станциясының құрылысын аяқтауды жоспарлап отырған Сатушы үшін электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – егер кешенді сынау шарт жасалғанға дейін жүргізілмеген болса, электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн болып табылады.

Егер электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау шарт жасалғанға дейін жүргізілген болса, электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – шарт жасалған күн болып табылады.

20. Пайдалануға беріліп қойған жұмыс істеп тұрған ЖЭК-ті пайдалану объектілері үшін электр станциясын коммерциялық пайдалануға берген күн – шарт жасасқан күн болып табылады.

21. Шарт жасасқаннан кейін электр станциясының құрылысын аяқтауды жоспарлап отырған Сатушы тиісті сынақ жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынақ жүргізу басталған күн туралы Сатып алушыға хабардар етеді және мынадай құжаттарды:

1) энергия беруші ұйымның электр желісіне электр станциясын қосқан кезде Сатушы мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, теңгерімдік тиесілілігінің аражігін ажырату және тараптардың пайдалану жауаптылығы актісінің көшірмесін;

2) энергия беруші ұйымның электр желісіне электр станциясын қосқан кезде Сатушы мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін ұсынады.

22. Пайдалануға беріліп қойған жұмыс істеп тұрған ЖЭК-ті пайдалану объектілері үшін Сатушы Сатып алушыға осы Шартты жасасқанға дейін электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы актісінің көшірмесін береді.

23. Егер пайдалануға берілген электр станциясының іс жүзіндегі параметрлері осы Шарттың 17-тармағында көзделген жобалық параметрлерден өзгешеленетін болса, Сатушы бұл туралы Сатып алушыны хабардар етеді және Тараптар Сатушының өтініші бойынша, электр станциясын пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісін Сатып алушы Сатушыдан алған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде, осы Шарттың 18-тармағын электр станциясының іс жүзіндегі параметрлеріне сәйкес келтіру үшін Шартқа тиісті қосымша келісім жасайды.

24. Осы Шартта көрсетілген электр станциясының параметрлерін электр станциясын салу кезеңінде және оны пайдалануға бергеннен кейін Сатушымен біржақты тәртіппен генерациялайтын жабдықтың белгіленген жиынтық қуатын ұлғайта алмайды. Кез келген электр станциясының параметрлерін өзгерту Тараптармен келісілуі тиіс, бұл ретте Тараптар Сатушының өтініші бойынша Шартқа қосымша тиісті келісім жасайды.

Сатушы осы Шартта көрсетілген, электр станциясының генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуатын ұлғайтпау шартымен электр станциясына ағымдағы немесе күрделі жөндеуді, оның ішінде негізгі генерациялайтын жабдықты ауыстыра отырып, жүзеге асыруға құқылы.

6. Электр энергиясының берілуін болжау

25. Егер электр станциясы осы Шарт қолданылған кезеңде пайдалануға берілсе, Сатушы электр станциясын коммерциялық пайдаланудың жоспарланған күні басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Сатып алушыға айларға бөлінген, ағымдағы күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі кезеңге электр энергиясын шығарудың, оны желіге жіберудің болжамды көлемі туралы ақпарат беруге міндетті.

26. Сатушы электр станциясын коммерциялық пайдалану басталғаннан кейін Сатып алушыға мынадай есептер мен ақпаратты:

4) ай сайын, беру айы басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын алдағы беру айына арналған электр энергиясын шығарудың, оны желіге

жіберудің болжамды көлемі туралы ақпаратты (электр энергиясын берудің бір айлық кестесі);

5) жыл сайын, жиырмамыншы желтоқсанға қарай айларға бөлінген, алдағы жылға арналған электр энергиясын шығарудың болжамды көлемі, оны желіге жіберу туралы ақпаратты;

б) беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей – электр энергиясын желіге жіберудің іс жүзіндегі айлық, тәуліктік, сағаттық көлемін ұсынады.

27. Сатушы ұсынатын, электр энергиясын берудің жылдық болжамдары мен айлық кестелері Сатушының қолында бар іс жүзіндегі және болжамды деректерге негізделуі тиіс.

28. Сатып алушы электр энергиясын шығару жөніндегі барлық болжамды деректер бағалаушы болып табылатынын таниды және бұл болжамдардың дәлдігі Сатушының жаңартылатын энергия көздерінің табиғатын болжаудағы объективті қабілетінің шегінде болады.

Сатушы электр энергиясын шығарудың, желіге жіберудің іс жүзіндегі және болжамды көлемі арасындағы ауытқушылықтар үшін жауапты болмайды.

Сатушы электр энергиясын берудің іс жүзіндегі және болжамды кестелері арасындағы ауытқушылықтар үшін жауапты болмайды.

29. Электр станциясын қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінен алынатын электр энергиясы теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді Сатып алушы дербес жүзеге асырады.

7. Тараптардың жауаптылығы

30. Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талап етуі бойынша оған мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімін өткізіп алған соманың 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ мерзімін өткізіп алған соманың 10 %-нан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

31. Осы Шарттың 18-тармағының 1) – 2) тармақшаларында көзделген қандай да бір мерзімдерді күнтізбелік 6 (алты) айдан астам бұзған жағдайда, осы Шарт өз қолданысын тоқтатады.

32. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

33. Сатушы шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Сатып алушының алдындағы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Сатып алушы мынадай іс-қимылдар тәртібін орындауға міндеттенеді:

5) Сатып алушы Сатушыға міндеттемелердің бұзылғаны туралы хабарлайды және жол берілген бұзушылықтарды жою қажеттігін ескертеді;

б) Егер Сатушы хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік үш айдан кешіктірмейтін мерзімде жол берілген бұзушылықтарды жоятын болса, онда Сатушы өз міндеттемелерін бұзбаған болып есептеледі;

7) Егер Сатушы Сатып алушыдан хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік үш ай ішінде жол берілген бұзушылықтарды жоймаса, онда Сатып алушы Сатушыға жол берілген бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы қайталап хабарлама жібереді;

8) Егер Сатушы Сатып алушыдан қайталап хабарлама алған кезден бастап күнтізбелік үш ай ішінде жол берілген бұзушылықтарды жоймаса, онда Сатып алушы өз міндеттемелерін орындауға Сатушыны мәжбүрлеу және Сатушы жол берілген бұзушылықтарды толық жойғанға дейін осы Шарттың қолданысын тоқтата тұру туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

8. Дауларды шешу

34. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

35. Тараптар осы Шарт бойынша дауларды тікелей келіссөздер арқылы шешуге тырысуы тиіс.

36. Тараптардың әрқайсысы осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

37. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты, сондай-ақ өзгеше жолмен осы Шартқа байланысты барлық даулар Сатып алушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына жатады.

9. Форс-мажорлық мән-жайлар

38. Егер Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажор мән-жайларының салдарынан болған болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

39. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздыққа байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

40. Қандай да бір себеппен Сатып алушыда жеткілікті ақшаның болмауы форс-мажорлық мән-жай болып табылмайды және Сатып алушыны төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауаптылықтан босатпайды.

41. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

10. Басқа да ережелер

42. Тараптар бір-бірінен осы Шарттың ережелерін орындауды талап етуге құқылы.

43. Осы Шарт бойынша Сатушының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудан шығарылмаған электр энергиясын Сатып алушыға сатуға құқығы жоқ.

44. Осы Шарт бойынша Сатушының Сатып алушыға басқа шарт шеңберінде электр энергиясын сатуды қоспағанда, оған осы Шартта көрсетілген электр станциясында өндірілмеген электр энергиясын сатуға құқығы жоқ.

45. Осы Шарт бойынша барлық хабарламалар мен басқа да хабарлар жазбаша түрде ресімделуі тиіс және почтамен, курьермен, факспен немесе электрондық почтамен басқа Тарапқа мынадай мекенжай, факс нөмірі бойынша жөнелтілуі мүмкін:

3) Сатып алушы үшін:

сатып алушының мекенжайын, факс нөмірін және электрондық мекенжайын көрсету;

4) Сатушы үшін:

сатушының мекенжайын, факс нөмірін және электрондық мекенжайын көрсету.

46. Осы Шарт бойынша барлық хабарламалар мен басқа да хабарлар жөнелтуші Тарап екінші Тараптан осындай хабарды қабылдағаны туралы растаманы алған кезде тиісінше жөнелтілген болып есептеледі.

47. Есептердің нысандары мен Сатушы Сатып алушыға ұсынатын ақпаратқа қойылатын талаптарды Сатып алушы біржақты тәртіппен айқындайды және Сатып алушы осындай өзгерістер қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын Сатушыны жазбаша хабардар ету арқылы өзгерте алады. Бұл ретте Сатып алушының ұсынылуы Сатушы шығыстарының ұлғаюына әкеп соғатын ақпаратты Сатушыдан талап етуге құқығы жоқ.

48. Осы Шарт екі Тарап оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

49. Осы Шарт пен онда көрсетілген ТЭН тарифі _____ дейін қолданылады (*қолданылу мерзімі мен кезеңі көрсетілсін*).

50. Сатып алушының талап етуі бойынша осы Шарттың қолданысын тоқтата тұру, форс-мажорлық мән-жайларға байланысты қандай да бір Тараптың міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру және (немесе) басқа да мән-жайлар шарттың және осы Шарттың алдыңғы тармағында көзделген тіркелген тарифтің қолданылу мерзімін ұзарту үшін негіз болып табылмайды.

51. Сатушының осы Шарттан туындайтын өзінің қолда бар және болашақтағы құқықтары мен талаптарын Сатып алушыға беруге құқығы бар, Сатып алушыны талаптарды басқаға беру туралы тиісті шарт жасасқанға дейін хабардар етеді.

52. Электр станциясы үшінші тұлғаға иеліктен шығарылған жағдайда, Сатушының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін нақ осы тұлғаға толықтай беруге құқығы бар. Мұндай жағдайда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер электр станциясына арналған құқықтармен бір мезгілде үшінші тұлғаға өтеді.

53. Егер Сатушы өз бастамасы бойынша осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы шешім қабылдаса, ол болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын Сатып алушыны жазбаша хабардар етуге тиіс. Мұндай жағдайда Шартты бұзу туралы қосымша келісім күшіне енген кезден бастап Шарт бұзылды деп саналады.

54. Осы Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі және жазбаша нысанда ресімделуі мүмкін.

55. Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер Тараптардың екеуі де оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

56. Осы Шарттың барлық талаптары тұрақты болып табылады, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты емес және екі Тараптың келісуі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

57. Тараптар өздерінің атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы бірін-бірі дереу хабардар етуге міндеттенеді.

58. Осы Шарт заңды күші бірдей екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

59. Осы Шарт Астана қаласында жасалды, оған екі Тарап та қол қойды және Сатып алушы оны 20__ жылғы « ____ » _____ № _____ жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

11.Тараптардың деректемелері мен қолы

Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатуының үлгі шарты

№ _____

Бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын, Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша тіркелген
(заңды мекенжайы көрсетілсін)

БСН: _____, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік атынан _____ негізінде
(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)

әрекет ететін _____ бір тараптан
(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

және Қазақстан Республикасы _____ мекенжайы бойынша
(орналасқан жері көрсетілсін)

тіркелген, БСН: _____, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ атынан
(толық атауы көрсетілсін)

_____ негізінде әрекет ететін
(өкілеттіктердің туындау негізі көрсетілсін)

_____ екінші тараптан
(лауазымы және Т.А.Ә. көрсетілсін)

мыналарды:

1) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы «__» _____ № ____ қаулысымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 сәуірдегі № 290 қаулысымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтерді айқындау қағидаларын (бұдан әрі – ЖЭК-ті қолдауға арналған тарифтерді айқындау қағидалары) назарға ала отырып;

төмендегілер туралы осы электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт – Сатушы мен Сатып алушының арасында жасалған, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу-сатудыңосы шарты;

2) жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын шартты тұтынушылар (бұдан әрі – шартты тұтынушылар) – көмірді, газды, мұнай өнімдерін және ядролық отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар; Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден электр энергиясын алатын электр энергиясы нарығының субъектілері; жиынтық қуаттылығы отыз без мегаваттан жоғары, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар гидроэлектр станциялары;

3) берілетін электр энергиясы – Қазақстан Республикасында қолданылатын нормалар мен талаптарға сәйкес келетін жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясы;

4) есепті кезең – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-ден бастап тиісті айдың соңғы күні сағат 00.00-ге дейін берілетін электр энергиясын іс жүзінде беретін күнтізбелік ай, оның нәтижелері бойынша берілетін электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің түпкілікті есебі жүргізіледі;

5) жұмыс күні – Сатушы үшін жұмыс күні болып табылатын күн;

6) Қазақстан Республикасының көтерме электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансы (бұдан әрі – іс жүзіндегі баланс) – орталықтандырылмаған және оталықтандырылған сауда нарықтарында, есепті кезең ішінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өндірілген, берілген және тұтынылған электр энергиясының көлемдерін мекенжай бойынша бөлуді белгілейтін жүйелік оператор жасаған құжат. Іс жүзіндегі баланс Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасында өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін негіз болып табылады.

7) Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі – ЖО ҰДО) – электр энергиясын теңгерімдеу мен оның сапасын қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстанның БЭЖ жедел басқаруға және оның жұмысының сенімділігіне жауапты, Жүйелік оператордың құрылымына кіретін бөлімше;

8) шартты тұтынушы – электр энергиясын өндіру үшін көмірді, газды, мұнай өнімдерін және ядролық отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым; Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден электр энергиясын алатын электр энергиясы нарығының субъектісі (электр энергиясын импорттаушы); жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан жоғары бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар гидроэлектр станциясы.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарт бойынша электр энергиясын тұтыну аймағына сәйкес ЖЭК-ті қолдауға арналған Тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф бойынша жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясын Сатушы сатады, ал Сатып алушы сатып алады.

3. Берілетін электр энергиясының көлемі

3. Сатып алушыға сатуға жататын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген электр энергиясының көлемін жоғарыда көрсетілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес Сатушы айқындайды.

4. Сатушы есепті кезең ішінде берген электр энергиясының мөлшері Тараптар ресімдейтін бір ай ішінде алынған электр энергиясының көлемін салыстыру актісінде (бұдан әрі – акті) тіркеледі, онда тиісті есепті ай ішінде электр энергиясының Сатып алушыға іс жүзінде берілген бір айлық көлемі көрсетіледі.

5. Актіге Сатушының уәкілетті адамы қол қояды, мөрмен куәландырылады және почтамен құжаттың түпнұсқасы жөнелтіліп, Сатып алушыға факспен жіберіледі. Ескертпелері болмаған жағдайда, Сатып алушы Актінің түпнұсқасын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған қол қояды, мөрмен куәландырады және почтамен құжаттың түпнұсқасын жөнелтіп, Сатушыға факспен жібереді.

4. Ақы төлеу тәртібі

6. Сатып алушы ЖЭК-ті пайдалану объектілерінен беру айы аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, Сатушыға ЖЭК-ті пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын есепті кезең ішінде бергені үшін ақы төлеуге міндетті.

7. Ақы төлер алдындағы құжаттар:

- 1) Шарттың 4-тармағында көзделген акт;
- 2) Сатушының шот-фактурасы.

8. Сатушы шот-фактураны Акт негізінде электр энергиясын берудің есепті айынан кейінгі айдың 20 (жиырма) күнінен) кешіктірмей Сатып алушыға жібереді.

9. Егер ЖОҰДО беретін Қазақстан Республикасының көтерме электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансына сәйкес айқындалған, Сатушы Сатып алушыға берген электр

энергиясының іс жүзіндегі мөлшері тараптармен келісілген электр энергиясының мөлшерінен өзгеше болса, Сатушы Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансына ЖО ҰДО қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға түзетілген шот-фактура шығару арқылы айырмашылық шамасына түзету жүргізуге міндетті.

10. Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат – ЖОҰДО беретін Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансы болып табылады.

11. Егер Сатып алушы шығарылған шот-фактураның дұрыстығына дау айтатын болса, ол тиісті шот-фактураны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сатушыны хабардар етеді және Сатушыға наразылықтарын көрсетіп, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте, Сатып алушы 6-тармақта көрсетілген мерзімде шот-фактураның дау туғызбаған бөлігін төлеуге міндетті.

12. Электр энергиясының дау айтылып отырған көлеміне қатысты Сатушы мен Сатып алушы арасындағы осы көлемге қатысты дау реттелгеннен кейін, Сатып алушы 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей дау реттелгеннен кейін келесі айда электр энергиясының Тараптармен келісілген көлеміне ақы төлейді.

13. Есепті кезеңде іс жүзінде берілген электр энергиясы үшін ақы төлеуді Сатып алушы Сатушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

14. Тараптар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін тоқсан сайын келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз салыстыру жүргізуге міндетті.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Сатып алушы ай сайын ЖЭК объектілерінен электр энергиясы берілген айға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын Сатушыға электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымдардың желісіне жіберудің болжамды көлемдері немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден қабылдау туралы ақпаратты Сатушыға беруге міндетті.

16. Сатып алушы жыл сайын жиырмамыншы желтоқсанға қарай алдағы жылға арналған электр энергиясын шығарудың, желіге жіберудің болжамды жылдық ай сайынғы көлемдері туралы ақпаратты Сатушыға жібереді.

17. Осы Шарт бойынша барлық хабарламалар мен басқа да хабарлар жазбаша түрде ресімделуі тиіс және почтамен, курьермен, факспен немесе электрондық почтамен басқа Тарапқа мынадай мекенжай, факс нөмірі немесе электрондық мекенжай бойынша жөнелтілуі мүмкін:

5) Сатып алушы үшін:

сатып алушының мекенжайын, факс нөмірін және электрондық мекенжайын көрсету.

б) Сатушы үшін:

сатушының мекенжайын, факс нөмірін және электрондық мекенжайын көрсету.

18. Осы Шарт бойынша барлық хабарламалар мен басқа да хабарлар жөнелтуші Тарап екінші Тараптан осындай хабарды қабылдағаны туралы растаманы алған кезде тиісінше жөнелтілген болып есептеледі.

19. Есептердің нысандары мен Сатып алушы Сатушыға ұсынатын ақпаратқа қойылатын талаптарды Сатушы біржақты тәртіппен айқындайды және Сатушы осындай өзгерістер қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын Сатып алушыны жазбаша хабардар ету арқылы өзгерте алады.

6. Тараптардың жауаптылығы

20. Шартта көзделген төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сатып алушы Сатушының талап етуі бойынша оған мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімін өткізіп алған соманың 0,1 %-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ мерзімін өткізіп алған соманың 10 %-нан (он пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

21. Тараптар осы Шартта көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

7. Дауларды шешу

22. Осы Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

23. Есепті айда берілген электр энергиясының көлемі туралы дау айтылған кезде Тараптар есепті айда берілген электр энергиясының көлеміне қатысты жазбаша қарсылықтарды Сатушы Сатып алушыдан алған кезден бастап күнтізбелік отыз күні ішінде осы дауды келіссөздер арқылы шешуге күш-жігерін салуға міндетті. Егер тараптар есепті айда берілген электр энергиясының көлемі туралы дау бойынша келісімге келе алмаса, дау сот тәртібімен түпкілікті шешуге жатады. Әрбір Тараптың осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне, тоқтатыла тұруына және бұзылуына байланысты дауды шешу, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Даулы жағдайларда ЖОҰДО беретін, Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың іс жүзіндегі балансы Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін түпкілікті құжат болып табылады.

25. Осы Шартты жасауға, оның жарамдылығына, орындалуына, өзгертілуіне және бұзылуына, сондай-ақ осы Шартқа өзге де мәселелерге байланысты барлық даулар Сатушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына жатады.

8. Форс-мажорлық мән-жайлар

26. Егер Шарт талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны форс-мажор мән-жайларының салдарынан болған болса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

27. Осы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін, Тараптардың бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына немесе ұқыпсыздыққа байланысты емес және күтпеген жерден болатын сипаты бар оқиға форс-мажорлық мән-жай деп танылады.

28. Форс-мажорлық мән-жай әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты форс-мажорлық мән-жайдың сипатын, туындау себебін және растайтын құжаттарды ұсынып, олардың болжамды ұзақтығын көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

9. Басқа да ережелер

29. Осы Шарт екі Тарап оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

30. Осы Шарттың қолданылу мерзімі 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы 31 желтоқсан аралығы.

31. Осы шарт Тараптардың кез-келгенінің бастамасы бойынша, осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қосымша келісім жасасу арқылы өзгертілуі мүмкін.

32. Осы Шарт заңды күші бірдей екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

33. Осы Шарт Астана қаласында жасалды, оған екі Тарап та қол қойды және Сатушы оны 20__ жылғы «_____» _____ № _____ жасалған шарттар тізіліміне тіркеді.

10. Тараптардың деректемелері мен қолы
